

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының
ХАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр д-лы, 17 мекенжайында орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2019 жылғы 30 қыркүйекте 10 сағат 00 минутта Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр д-лы, 17 мекенжайында, 3-қабаттағы акт залында өткізілді.

Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері:
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр д-лы, 17.

Қоғамның құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Марлен Армияұлы Оразбеков Жиналыстың ашылғаны туралы хабарлап, Қоғамның есеп комиссиясының мүшесі Елена Николаевна Гороховаға сөз берді.

Есеп комиссиясының мүшесі Е.Н.Горохова 2019 жылғы 30 тамыздағы (00 сағат 00 минут) жағдай бойынша акция ұстаушылар тізілімдері жүйесінің деректері негізінде «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ берген Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес 1 361 411 673 дананы, оның ішінде артықшылықты акциялар – 4 136 107 дананы, жай акциялар – 1 357 275 566 дананы құрайтынын хабарлады.

Қоғамның Жиналысына мыналар қатысты:

1. 1 034 088 144 жай акциялардың иесі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ активтерді басқару департаментінің директоры Алина Отанқызы Мағұлова қатысты (2019 жылғы 27 қыркүйектегі №107-170 сенімхат бойынша).

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 3-тармағына сәйкес, жоғарыда көрсетілген баптың 4-тармағында белгіленген жағдайларды есептемегенде, артықшылықты акция акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

Жиыны: 2019 жылғы 30 тамыздағы жағдай бойынша акция ұстаушылар тізілімдерінің жүйесі деректерінің негізінде Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 99,6% құрайтын Қоғамның жиынтықтағы 1 034 088 144 жай акциясына иелік ететін, Жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционердің 1 өкілі тіркелді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабы 1-тармағының негізінде, егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентіне иелік ететін акционерлер тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Жиналысты өткізу және оның күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

Қоғамның құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры М.А.Оразбеков «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры Дәурен Сапаралыұлы Қарабаевты Қоғам Жиналысының төрағасы етіп сайлауды ұсынды.

Аталған мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауысқа салынған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 034 088 144 дауыс.

Дауыс бергендер:

«Қолдады» - 1 034 088 144 дауыс;

«Қарсы» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасының орынбасары - қаржы директоры Дәурен Сапаралыұлы Қарабаев Қоғам Жиналысының төрағасы болып сайлансын.

М.А.Оразбеков Қоғам Жарғысының 85-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы Жиналыс хатшысы болып табылатындығын хабарлады. Осыған байланысты, Қоғамның корпоративтік хатшысы Айгерім Болатқызы Сүлейменованы Жиналыстың хатшысы етіп сайлау ұсынылды.

Осы мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауысқа салынған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

Дауыс бергендер:

«Қолдады» - 1 дауыс;

«Қарсы» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Қоғамның корпоративтік хатшысы Айгерім Болатқызы Сүлейменова Жиналыстың хатшысы болып сайлансын.

М.А.Оразбеков Жиналыстың төрағасы Д.С.Қарабаевқа сөз берді. Одан кейін, Жиналыс төрағасы Д.С.Қарабаев Жиналыста дауыс беру тәртібі мен нысанын акционерлердің назарына жеткізді. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 1-тармағына сәйкес, Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру: 1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеуді; 2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беруді; 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады. Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру нысанын ашық тәсіл етіп белгілеу ұсынылды.

Осы мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс



Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: дауыс беру тәртібі «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 50-бабының 1-тармағына сәйкес белгіленсін; Жиналыста күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру нысаны – ашық тәсіл болып белгіленсін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С.Қарабаев Жиналыс жұмысының регламенті бойынша Жиналыс хатшысы А.Б.Сүлейменоваға сөз берді, ол күн тәртібін өзгерту бойынша ұсыныстар түспегендігін хабарлады және күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндамашыларға он минут, жарыссөздерге қатысушыларға – бес минут, есеп комиссиясына дауыстар санын есептеуге жеті минут беруді ұсынды.

Осы мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауысқа салынған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 дауыс.

Дауыс бергендер:

- «Қолдады» - 1 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Жиналыс жұмысының төмендегі регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндамашыларға он минут, жарыссөздерге қатысушыларға – бес минут, есеп комиссиясына дауыстар санын есептеуге жеті минут берілсін.

Жиналыс хатшысы 2019 жылдың 26 тамызында Қоғамның директорлар кеңесі келесі күн тәртібімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдағаны туралы хабарлады:

- 1) Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 2) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

Жиналысты шақыру туралы ақпараттық хабарландыру 2019 жылғы 29 тамыздағы «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды.

Осылайша, Қоғамның акционерлеріне келесі күн тәртібін бекіту ұсынылды:

- 1) Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 2) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

Осы мәселе бойынша басқа да ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс



Осы мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауысқа салынған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 034 088 144 дауыс.

Дауыс бергендер:

«Қолдады» - 1 034 088 144 дауыс;

«Қарсы» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: келесі күн тәртібі бекітілсін:

1) Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

2) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

Күн тәртібінің «Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату» туралы **бірінші мәселе бойынша** Жиналыстың хатшысы Айгерім Болатқызы Сүлейменова сөз сөйледі.

А.Б. Сүлейменова Қоғам Жарғысының 103-тармағы 10) тармақшасына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жататынын хабарлады.

Балтабек Мұханұлы Қуандықовтың өз өкілеттіктерін тоқтату туралы 2019 жылғы 26 тамыздағы өтінішіне байланысты, акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі Балтабек Мұханұлы Қуандықовтың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату ұсынылды.

Мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауысқа салынған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 034 088 144 дауыс.

Дауыс бергендер:

«Қолдады» - 1 034 088 144 дауыс;

«Қарсы» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі Балтабек Мұханұлы Қуандықовтың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

Күн тәртібінің «Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесін сайлау» туралы **екінші мәселе бойынша** Жиналыстың хатшысы Айгерім Болатқызы Сүлейменова сөз сөйледі.

А.Б. Сүлейменова Қоғам Жарғысының 103-тармағы 10) тармақшасына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату жататынын хабарлады.

Қоғам Жарғысының 114-тармағына сәйкес, директорлар кеңесі мүшелерінің саны (уақытша бос жұмыс орындары болмағанда), тәуелсіз директор мен бас директорды (басқарма төрағасы) есептегенде, кем дегенде 4 (төрт) адам болуы тиіс.

Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2019ж.27.05 шешімімен:

- Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі 2019 жылдың 27 мамырынан бастап 2020 жылдың 27 мамырын қоса алғандағы мерзімге дейін белгіленді;

- Қоғамның әрбір тәуелсіз директорына 1 000 000 теңге мөлшерінде (жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарналарын есептемегенде) ай сайынғы сыйақы белгіленді;

- Қоғамның келесі құрамдағы директорлар кеңесі сайланды:

1. Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі ретінде;
2. Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы – Қоғамның бас директоры (басқарма төрағасы);
3. Қуандықов Балтабек Мұханұлы – тәуелсіз директор ретінде;
4. Ертілесова Жаннат Жұрғалиқызы – тәуелсіз директор ретінде.

Директорлар кеңесінің мүшесі Б.М. Қуандықовтың өкілеттіктері тоқтатылғандықтан, тәуелсіз директор ретінде Петр Геннадьевич Лубянецвті сайлау ұсынылды. Оның кандидатурасын Қоғамның директорлар кеңесінің Тағайындау жөніндегі комитеті ұсынды (2019ж.22.08 №2 шешім).

Мәселе дауыс беруге шығарылды. Дауысқа салынған мәселе бойынша дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 1 034 088 144 дауыс.

Дауыс бергендер:

«Қолдады» - 1 034 088 144 дауыс;

«Қарсы» - дауыс жоқ;

«Қалыс қалды» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

1) Петр Геннадьевич Лубянецв, тұтастай алғанда, Қоғамның директорлар кеңесі үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне Қоғамның директорлар кеңесінің – тәуелсіз директоры болып сайлансын;

2) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор Петр Геннадьевич Лубянецвке оның Қоғамның директор кеңесіне сайланған күнінен бастап 1000000 (бір миллион) теңге мөлшерінде ай сайынғы сыйақы (жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарналарын есептемегенде) белгіленсін;

3) Петр Геннадьевич Лубянецвпен жасалған шарттың жобасына (қоса берілген) сәйкес, оның Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры Қоғамның директорлар кеңесіне сайланған күннен бастап өз міндеттерін орындағаны үшін шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттары белгіленсін;



4) Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасына Қоғамның атынан Қоғамның тәуелсіз директоры Петр Геннадьевич Лубянцеvпен жоғарыда көрсетілген талаптарда шартқа қол қоюға өкілеттік берілісін.

Күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан кейін, Қоғам Жиналысының төрағасы Д. С. Қарабаев жиналысқа қатысқаны үшін акционерлерге алғысын білдіріп, жиналысты жабық деп жариялады.

Қоғамның Жиналысы 10 сағат 30 минутта жабылды.

Акционерлердің жалпы
жиналысының төрағасы

Д. Қарабаев

Акционерлердің жалпы
жиналысының хатшысы

А. Сүлейменова

Есеп комиссиясының
мүшелері:

В. Залевская

Е. Горохова

10% астам жай акцияларға ие
акционер атынан

А. Шалабаева

А. Мағұлова

